

Көкпекті ауданының тұрғындарының нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 11 маусымдағы N 136 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Көкпекті аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 шілдеде N 5-15-54 тіркелді. Күші жойылды - Көкпекті ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 17 мамырдағы N 1066 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Көкпекті ауданы әкімдігінің 2011.05.17 N 1066 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5, 7 бабтарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 264 «Мемлекет Басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысын іске асыру мақсатында, Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 22 мамырдағы «Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарының нысаналы топтарға жататын адамдарының қосымша тізбесі туралы» № 75 қаулысына сәйкес жұмысқа орналасу бойынша қиыншылықты көріп отырған халықтың нысаналы топтарды элеуметтік қорғау жөнінде қосымша шараларды орналастыру мақсатында Көкпекті ауданының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Көкпекті ауданының тұрғындарының нысаналы топтарға жататын тұлғалардың келесі қосымша тізбесі орналастырылсын:

- 1) мектептер мен кәсіптік оқу мекемелерінің түлектері;
- 2) өндірісті ұйымдастырудың өзгеруіне, соның ішінде қайта ұйымдастыру және жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс күн режимінде жұмыс істейтіндер;
- 3) еңбекақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар;
- 4) жазғы каникул уақытындағы студенттер;
- 5) 50 жастан асқан әйелдер;
- 6) 55 жастан асқан азаматтар;
- 7) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Г. Т. Қойгелдинаға жүктелсін.

3. Осы қаулы бірінші рет ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2009 жылы 1 маусымында туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Д. Мусин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК